ТАСҚАЛА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ТАСКАЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 22.08.

№ 152

Тасқала ауылы

село Таскала

Жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Тасқала ауданы әкімінің 2022 жылғы 5 тамыздағы №9 «Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешіміне сәйкес Тасқала ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 458 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасында келесі мақсаттарда қарастырылсын:

табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Тасқала ауданы, Амангелді ауылының су жүйесінде орын алған апат себептерінен істен шыққан терең сорғыларды қалпына келтіру үшін 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге.

2. Тасқала ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Тасқала ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ауданның экономика және қаржы бөліміне 2022 жылдың 1 қазанына дейін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есепті ұсынсын және үнемделіп пайдаланылмаған қаржыны 2022 жылдың 1 желтоқсанға дейін мерзімде аудандық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Тасқала ауданы әкімінің орынбасары А.Халауединге жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы **Т.Шакиров**